

## СТУДЕНТТЕР БОЙЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Хамит А.Ж., Қадырова А.К.,*

*Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Адам баласының өркениет дамуы патриархалдық жанұядан отырықшы өмірге көшуі, экономикалық қатынастардың пайда болуы мен қоғамның саяси құрылуы, ауыл шаруашылығын, қолөнер мен жазудың, ғылым мен дінің дамуы – білім беру институтының қоғамдық белгілі құрылымдары ұстап тұрушы тәрбие жүйесінің әлде қайда дамыған ертедегі өркениеттерде – Қытай, Греция, Рим қарапайым халыққа элементарлы білім беруден басталды.

Тәрбие саласы мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы басым бағыттарының бірі болып табылады. Жоғары оқу орнында жастардың тұлға ретінде қалыптасу мәселелері студенттік топтардағы тәрбие жұмысының тиімді жүйелі жүзеге асуы мүмкін.

Қазіргі қоғамдық сұраныс – өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын бүгінгі студент, ертеңгі маманды тәрбиелеуді талап етеді.

Тәрбие әдістері – тәрбие процесінің маңызды әрі өте күрделі құрамдас бөлігі. Себебі, тәрбиенің мақсат пен міндеттеріне сай оның мазмұны тек әдістерді қолдану барысында жүзеге асады. Тәрбие әдістерінің көздейтін мақсаты тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, соның негізінде олардың әрекеттерін ұйымдастыру.

Тәрбие – тұлғаны қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірге белсене қатыстыруға жүйелі де мақсатты түрде бағыттайтын дайындау үрдісі.

Тәрбие әдісі – тәрбие міндеттері шешіміндегі көптеген жалпы әдістер жиынтығы мен тәрбиенің өзара әрекеттерін жүзеге асыру.

Тәрбие үрдісінің мақсаты – студенттер тұлғасының жан-жақты үйлесімді дамуы. Ол келесідей бағыттарға негізделген:

- тұлғаның оң сапасын тәрбиелеуге;
- белсенді өмір көзқарасына дағдыландыруға;
- өзін-өзі тәрбиелеу, қалыптастыру және өзін-өзі бақылау қабілетіне;
- жеке құндылық сезімін тәрбиелеуге;
- Қазақстан Республикасының дамуы мен жандануына деген намыс, мақтаныш көзін дамытуға;
- рухани және адамгершілік қабілетін қалыптастыруға;
- ене шынықтыру жағынан жетілдіруге;
- экологиялық мәдени өмірге.

Бұл бағыттар академиялық топ кураторлары жүзеге асыратын бірқатар басқару факторларымен айқындалады.

Студенттік топ жоғары оқу орнындағы студенттердің өмірлік қызметі құрылымының ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Мұнда студенттердің аса маңызды өзін-өзі тануы, қарым-қатынас, басқа тұлғаларды бағалау, тұлға ретінде өзіне баға беру сияқты әлеуметтік қажеттіліктері жүзеге асырылады. Топтың бірлігіне, оның мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынас, көшбасшылардың беделі көптеген жағдайда оның ұжым ретіндегі даму деңгейіне байланысты болады, яғни әрбір студенттің тұлғалық әлеуметтену үдерісіне тиімді ықпал етеді. Сондықтан да топ институттың бүкіл студенттерінің ұжымының жүзеге асыратын тәрбие жұмысының негізгі нысаны болуы тиіс.

Куратор-эдвайзердің тәрбие қызметінің аса маңызды бағыттары бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуі, студенттерге әлеуметтік-тұрмыстық және бос уақытты ұтымды өткізу мәселелерін шешу барысында көмек көрсету, студенттік топта достықты, қайырымдылықты, бірлікті, өзара қолдауды қалыптастыру, бірегей жоғары оқу орны қауымдастығының оқытушылары мен студенттеріне қатыстылығын сезіндіру, бірыңғай

әрі біріктіріле ұйымдасқан мәдениетке, жүйеге және көзқарастар мен қиындылықтарға тиістілігін ұғындыру болып табылады.

Куратор оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді, институт әкімдігімен, қоғамдық ұйымдармен, институттың оқу персоналымен топ студенттері арасында тығыз байланыс орнатады.

Патриоттық тәрбие мемлекеттік мейрамдарға қатысуды, Президенттің, үкіметтің мәлімдемесімен танысуды, Қазақстан Республикасының дамуына бағытталған заң шығарушы және бағдарламалық құжаттармен танысуға мақсат етеді.

Студенттер және кафедра оқытушылары мемлекеттік тілді білуден конкурстарға қатыстырады. Студенттер сабақтан тыс бос уақытында институтта кезекшілікке, институт жоспары бойынша ұйымдастырылатын сенбілікке, митингтерге және шерулерге қатыстыруы тиіс. Кәсіби қызмет бойынша оқытушылар студенттермен жеке кеңестер өткізеді. Студенттер «Білім күні», «Студенттерге арнау», «Бірінші курс таланттары», «Студенттік көктем», ғылыми және философиялық үйірмелерге сияқты үйірмелерге қатысуға ынталандыруы керек.

Қазіргі уақытта студенттерді болашақ үлкен өмірге дайындауда, нағыз шынайы өмірге даярлауда саяси әлеуметтендірудің мәні өте зор. Жастар шынайы өмірдің негізгі мәселелерін шешуге бейімделуі қажет және сол жинақтаған тәжірибесі арқылы жақсы өмір сүруге, жетістікке қол жеткізуге, өзіне ұнаған бағытты таңдауға ерікті болады. Сол арқылы өз болашағын жоспарлауға бейім, өмір сүрудің өзіне сәйкес стилін дұрыс таңдауға қабілетті және мінез-құлқын қазіргі заман талабына сай қалыптастыруға әзір болып есептеледі.

Студенттердің тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты оларды өз Отанын сүйуге, халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеуге, жеке басының қабілеттерін ашып арттыруға негізделеді. Осы кезеңде мынадай тәрбие қағидалары басшылыққа алынады:

- тәрбие жұмысын ізгілендіру;
- тәрбие жұмысының табиғилығын қалыптастыру;
- тәрбие жұмысының мәденилігін қадағалау;
- тәрбие жұмысының жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдениетінің дамуына ықпалдылығын арттыру;

Ал, тәрбие жұмысының негізгі бағытына:

- қалыптасқан мәдени шаралар ұйымдастыру;
- жастардың шығармашылық жұмысын қолдай отырып, жетілдіруге ықпал ету;
- әлеуметтік-саяси белсенділікті арттыру;
- жастардың этномәденилігін көтеру;
- өзін-өзі басқаруға үйрету;
- салауатты өмір сүруге бейімдеу;
- коммуникативтік ұйымдастырушылық қабілетін дамыту.

Қорыта келе айтқанда ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. «Ұрпағы білімді халықтың болашығы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет. Осы айтылған міндеттер – мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарының алдында тұрған негізгі мәселелер. Өйткені халыққа білім беру реформасы «ғылыми негізге сүйенген пәнді оқытудың жоғары деңгейімен қамтамасыз етуді» міндеттеп отыр.

#### ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.
- 2 Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы, 2005.
- 3 Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Издательский центр « Март », 2002.
- 4 Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987.